

"Панфилов ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" Жетісу облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 2 тамыздағы № 428 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 13 қаңтардағы № 10 қаулысы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылы 14 қаңтарда № 37845 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 3-тармағымен.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Панфилов ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" Жетісу облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 2 тамыздағы № 428 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 238-19 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Панфилов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Панфилов ауданының әкімі

М. Сағымбек